

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады.

Форум

Нақты әріптестікке нық қадам



Көше Қызылорда қаласындағы «Өнер» орталығында «Қазақстан Ұлттық Ұрбан Форумы 2025 – Қызылорда» халықаралық форумынның ашылу рәсімі өтті. Форумға ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ақан Рахметуллин, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің өкілдері, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты ұйыстығы Сағитжан Раднараев, Біріккен Ұлттар Ұйымының UN-Habitat ұйымының Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы өкілдері, еліміздің барлық өңірінен келген облыс өкімнің орынбасарлары, басқарма басшылары қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев форумға қатысушыларға сәттілік тілеп, аймақта атқарылған ауқымды жұмыстарды атап өтті

– Президентиміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан орнықты урбанизация үрдісімен келе жатыр. Тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаяндай бөкеселік қабілетінің тірегі, ал облыс орталықтары өз өңірлері еліміз өзегі болуға тиіс» деген болатын. Бүгінгі урбанизация дәуірінде қалаларды тұрақты дамытуда экологиялық тепе-теңдікті сақтау, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру – басты міндеттердің бірі. Қызылорда – дестүрлі аграрлы аймақ! Қызылорда – мегаполис болмағанымен,


қарқынды урбанизация жолына түскен, өз деңгейіне қалалық инфрақұрылым мен өмір сүру сапасын арттыру, экономиканың әртараптыруы бағытында үлгісі қадам жасаған қала. Қала халқының уәсі өсіп, өмір тұрғындарының шамамен 50 пайызға жуығы облыс орталығында тұрады. Қызылорда облысы Президентіміздің, Ұйымтұл ерекше қолдауымен тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін, нақты стратегияларға, аймағымыздың заманауи келбетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі таңда облыс бюджеті 750 млрд теңгенден асты. Бұл қаражат аймақтағы өз өзі деңгей мен мәселелерді шешуіне, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Ата-бабадан жалғасып келе жатқан қазақ халқының өнегелі қасиетінің бірі – қариясын құрметтеу, көмек беру. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» демекші, қазақ халқы қашанда қариясына ізет пен құрмет көрсеткен. Дей тұрғанмен кейбір қарияларымыз шаңырақта жалғыз қалып, үй шаруасын жалғыз өзі атқарып жүргені кынжылтады.

Өнегеге толы бастама



Жастар жай бармай, Қасым атаның ауласындағы арам шөптерді отап, талдарды ретке келтіріп, тазалық жұмыстарын жүргізді. Әрине, үлкенге құрмет, кішіге өнеге болатын мұндай игілікті бастама алдағы уақытта да жалғасын табады.



Аяқсудан мәселе жоқ

Егін шаруашылығымен айналысатын Сыр өңірі үшін аяқсу мәселесін оңтайлы шешу маңызды. Қуантарлығы, Үкімет, жергілікті билік, шаруалардың бірлесе атқарып жатқан жұмыстарының нәтижесі жаман емес. Аяқсудан тапшылық жоқ, бастысы, диқандар қажетті суына қол жеткізуде.

**Қашыртқы суды
кәдеге жаратқан**

Аймақтағы су үнемдеу технологияларын өндіріске алғашқылардың бірі болып тиімді қосқан «Ер-Әлі» шаруа қожалығы екені мәлім. Жаңашылдықтың арқасында шаруа қожалық су үнемдеп қана қоймай, мол өнімге де қол жеткізуде.

Тарихында егін екпеген Аққыр ауылының халқы былтырдан бері жер жыртып, егін егуді қолға алған. Бұған аталған шаруашылық көмектескен, яғни канал қазып, жерді дайындаған. Мақпалкөл ауылындағы егіс алқаптарынан шыққан қашыартқы суды осы Аққыр ауылына бағыттап отыр.

Жалпы биыл шаруа қожалық 12 гектар жерге өнім орналастырған. Оның 8 гектары картоп, 0,3 гектары сәбіз, 2 гектар қауын-қарбыз екен. 20 гектарына осы су үнемдеу техно-логиясын қолданып отыр.

Шаруа қожалық төрағасы Әліби Бекжановтың айтуынша, күрішке берілетін су беру құралын автоматтандыру егін мен жердің мәдениетін реттейді. Сондай-ақ ауыспалы егіс жүмесіндегі күріштің үлесін 50 пайыздан асырмау су үнемдеудің, оны тиімді пайдалану, мол өнім алудың тура жолы екен. Қазіргі аяқсу тапшылығы қат кезеңде басқа да шаруалар бүл тәсілді қолдана кұба-күл.



Биыл ауданда егін орналастыру жұмыстарына дейін шаруашылық каналдарынан 21,5 мың текше метр, ішкі шаруашылық каналдардан 225,6 мың текше метр топырақ толық тазартылған. Шаруашылық каналдардан 5 гидротехникалық құрылыс, ішкі шаруашылық каналдардан 172

гидротехникалык курылыс жөнөдөдү.

Айта кетейік, ауданда 209 шаруашылық 37 185 гектарға егін екті. Оның ішінде 162 шаруашылық күріш егуге айналысады. Негізгі дақыл күріш көлемі 19800 гектарды құрайды. Мұнан бөлек 800 гектар жаздық бидай, 500 гектар арпа, 600 гектар мақсары, 200 гектар кант құмайы, 65 гектар соя, 50 гектар сұлы бар. Биыл 4850 гектар жана жонышқа егілсе, 8150 гектар

ескі жонышка күтімге алынған

Биыл ауданда 1 115 гектарға кө-
көніс егілді. Сондай-ақ 1 300 гектар
басқа да бақша дақылдары бар.
Сонымен қатар жергілікті тұрғындар
тарапынан картоп және басқа да
бақша дақылдарын өгуге 500 гектар
жаңадан жер дайындалған.

Жалғасы 2-бетте

Өрт сөндіру бекеттерінің жай-күйі пысықталды

Жазда далалық жердегі құрғақ өсімдіктерді өртеу салдарынан тілсіз жау жиі орын алады. Сайжалар, үйлер аумағында құрғақ шөпті, қоқысты өртеген кезде отты абайсыз қолданудың соңы көбінесе апатқа ұласады. Бұл дәл осы себеппен жыл сайын болып жатқан барлық өрттердің жартысы деуге болады. Осы ретте аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері апаттың алдын алу үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау маңызды екенін еске салады.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Еркін Назарқұлов, аудан әкімі аппаратының жумылдыру дайындығы және аумақтық қорғаныс бөлімінің басшысы Бақытбек Нұрмаханов, №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығы Еркін Жәкөй, облыстық жумылдыру дайындығы және шығып тағдыр орталығы мекемесінің аудан бойынша инспекторы Мадина Еспанов ауданға қарасты Аламекек, Мәдениет, М.Шәменов, Таң ауылдық округтеріндегі өрт сөндіру бекетіне барып, жұмысын псықытаты.

Бұл бекеттердің негізгі мақсаты шалғай ауылдардағы тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, дала және ерекше алқаптарындағы өрттің алдын алу болып табылады. Аталған өрт сөндіру бекеттерінде 12 қызметкер, 3 «УПП-3» өрт сөндіретін ембепан жартылай тіркемесі және 3 өрт сөндіру автотөкілігі бар. Жақын арада тағы 1 өрт сөндіру автотөкілігі жетекшілері есепке беріледі.

Мониторинг нәтижесінде анықталған кемшіліктер талқыланып, жергілікті атқарушы органдарға хат жолданды.

«ЖЖ» ақпарат

Аяқсудан мәселе жоқ

60 мың гектар жер лазерлік тегістелген

Суару науқаны басталғаннан бері Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы Сырдария өзенінен 1,9 млрд текше метр су алып, тұтынушыларға 1,5 млрд текше метрін нақты жеткізіп берді. Әзірленген су пайдалану жоспарына сәйкес су көзінен магистральді және шаруашылықаралық каналдар арқылы секундына 429 текше метр су алынуы қажет болса, нақты секундына 370 текше метр су алынууда.

Жалпы биыл облыста 189 585 гектар жерге егін егілді. Оның 93 136 гектары дәнді дақылдар, 5 714 гектары майлы дақылдар, 73 285 гектары мал азықтық дақылдар және 17 450 гектары картоп, көкөніс, бақша өнімдері болып табылады.

Өңірде су үнемдеу технологиялары кеңінен пайдаланылуда. Аймақтағы егістік алқаптарды суару мақсатында жергілікті «Қазусуар» филиалы мен өңірдегі шаруа қожалықтар 357 сусорғыш станциясын пайдалануда. Оның 60-ы филиалдың меншігінде болса, 297-сі диқандарға тиесілі.

Ал лазерлік тегістелген күріш алқаптарының көлемі 60 мың гектарға ұлғайған. Су үнемдеу технологиялары пайдаланылған жер 8 100 гектарға артқан. Егісті сумен қамтамасыз етуге 3 млрд 900 млн текше метр су лимиті бекітіліп, қала, аудандар бойынша бөлініс белгіленді.



Өзбекстан 491 млн текше метр су жеткізеді

Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрілігінің мәліметінше, республика бойынша 1,2 млн гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын суару үшін 12 млрд текше метр су алу жоспарланған, оның 97 пайызы оңтүстік өңірлерге тиесілі. Биылғы вегетациялық кезең орташа көпжылдық мерзімдерден 20 күн өрте басталды. Бұл көктем мезгілінде болған аномальді жылы ауа райы жағдайларымен түсіндіріледі. Сондай-ақ оңтүстік өңірлерде атмосфералық жауын-шашынның тапшылығы байқалады. Осыған байланысты министрлік суармалы судың тапшылығы қаупін азайту мақсатында шаруалардың суды пайдалануын реттеу және жүзелеу бойынша көшенді жұмыс жүргізуде.

Былыттардан бастап суармалы суды келісім-шарт негізінде беру жұмысы ұйымдастырылды. «Қазусуар» РМҚ филиалдары мен фермерлер арасында тікелей келісім-шарт жасасу су беру шарттарының ашықтығын қамтамасыз етіп, тараптардың жауапкершілігін арттыруға және суды рұқсатсыз пайда-

лануды азайтуға мүмкіндік береді. Қызылорда және Түркістан облыстарының шаруаларын сумен қамтамасыз ету мақсатында бұған дейін Орталық Азия елдерімен келісімдерге қол жеткізілген болатын. Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан 2025 жылы маусымтамыз айларына арналған «Бахри-То-чик» су қоймасының жұмыс режимі бойынша үшжақты кестені бекітті. Бұл құжат аясында вегетациялық кезең елге кемінде 491 миллион текше метр су жеткізіледі деп жоспарланған. Қазіргі уақытта су жеткізу жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде.

Субсидия 60 пайыздан 85 пайызға дейін өседі

Су үнемдеу технологияларын енгізуді ынталандыру мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігі фермерлерге су үнемдеу технологияларын сатып алу және орнату, сондай-ақ инфрақұрылым жүргізу кезінде ұңғымалар бұрғылауға кететін шығындарды өтеу үлесін 50 пайыздан 80 пайызға дейін арттырды.

Сондай-ақ тариф құнына қарай суармалы суға субсидиялардың сара-

ланған мөлшері енгізілді. Сумен үнемдеу технологияларын қолданған жағдайда субсидия мөлшері 60 пайыздан 85 пайызға дейін өседі, ал ондай технологиялар қолданылмаған жағдайда 2026 жылға қарай тарифке байланысты 50-75 пайыздан 30-55 пайызға дейін төмендейді.

Лазерлік тегістерішті сатып алуға субсидиялар егіс алаңы кемінде 200 гектар болатын шаруашылықтарға ғана төленетін талап жойылды. Лазерлік тегістеуші суды бүкіл аумаққа біркелкі бөлуге көмектеседі, бұл су басуға және аумақтардың кебуіне жол бермейді. Нәтижесінде суаруға қажетті су көлемі азайып, суды 30 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл өсірісе құрғақ аймақтар үшін маңызды.

24 млн теңге әкімшілік айыппұл салынды

Жалпы 2024 жылдың соңына қарай су үнемдеу технологиясы шамамен 470,2 мың гектар аумаққа енгізілді. Судың «көлеңкелі нарығымен» күресу мақсатында жыл басынан бері 82 профилактикалық және жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, су заңнамасын бұзудың

141 фактісі анықталған. Нәтижесінде 69 заң бұзушылықты жою туралы ұйғарым беріліп, жалпы сомасы 24 млн теңгені құрайтын 254 әкімшілік айыппұл салынды. Оның ішінде заңсыз су пайдалану фактілері бойынша 13 тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 8,4 млн теңге көлемінде 71 әкімшілік айыппұл салынды.

Мысалы, Қызылорда облысында Сырдария өзенінің Қараөзек тармағынан заңсыз су алған 5 сорғы қондырғысы анықталған. Министрліктің ішкі аудит қызметі жүргізген тексеру барысында Қызылорда облысында 300 гектар алқапта рұқсатсыз күріш суару фактілері әшкереленген. Заңсыз пайдаланылған су көлемі 2,4 миллион текше метрді құрады.

Сонымен қатар министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 1 861 шаруа қожалықты қамтыған 125 түсіндіру іс-шарасын өткізген. Нәтижесінде су пайдаланушылар арнайы су пайдалану бойынша рұқсаттарды белсенді түрде рәсімдей бастады. Жыл басынан бері 445 рет рұқсат берілді.

ЖАРЫН

Басы 1-бетте

Сақтансаң, сақтайды



Лагерьдегі өрт қауіпсіздігі — бала қауіпсіздігінің кепілі

Жаз мезгілі – балалардың асыға күтетін демалыс уақыты. Осы уақытта еліміздің түкпір-түкпіріндегі сауықтыру лагерьлері есігін айқара ашып, балаларға шаттық сыйлайды. Алайда демалыстың қауіпсіз өтуі – ең басты талап. Сол себепті лагерьлерде өрт қауіпсіздігін сақтау басты назарда болуы қажет.

Лагерь аумағында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірнеше маңызды шара қабылданып тиіс. Ең алдымен барлық ғимарат пен бөлмелерде өртке қарсы талаптар қатаң сақталуы керек. Электр сымдарының күйі, жылыту құралдарының жарамдылығы, бастапқы өрт сөндіру құралдарының болуы, барлығы үнемі тексеріліп отыруы тиіс.

Өрт сөндіргіштер, құм салынған жәшіктер, су құйылған шелектер мен күректер сияқты құралдар ғимарат ішінде және сыртында оңай қолжетімді жерде орналастырылуы қажет. Сонымен қатар лагерь аумағында ашық от жағуға, темекі шегуге және басқа да өрт шығуына себеп болатын әрекеттерге қатаң тыйым салынады.

Қызметкерлер мен балаларға өрт қауіпсіздігі ережелері үнемі түсіндіріліп, оқу-жаттығу шаралары өткізіледі. Балаларға өрт шыққан жағдайда қалай әрекет ету керектігі үйретіліп, эвакуациялық жолдар көрсетіледі. Бұл шаралар төтенше жағдай туындаған кезде адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Лагерь басшылығы мен тәрбиешілер өз кезегінде өртке қарсы талаптардың орындалуын қамтамасыз етіп, әрдайым бақылауда ұстауы керек. Төтенше жағдайлар қызметімен байланыс орнатылып, қажет болған жағдайда жедел әрекет ету жоспары құрылуы тиіс.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Брифинг

Ауданда І жартыжылдықта 28 паразитарлық ауру тіркеліп, ауру көрсеткіші 100 мың халыққа шаққанда 77,80-ді құрады. Паразиттік ауру жұқтырғандардың 89,2 пайызы – 14 жасқа дейінгі балалар. Ал 3,57 пайызы 15-17 жас аралығындағы балалар. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова осылай деді.



6 айда 28 паразитарлық ауру тіркелген

Спикер гельминтоздар паразит құрттардың адаммен, жануармен және өсімдіктердің организміне еніп, көбею салдарынан пайда болатынын айтады. Сондай-ақ ол адамда сорғыш, таспа, жұмыр т.б. құрттардың паразиттік тіршілігі салдарынан пайда болатын көрінеді.

Гельминтоздардың аталуы ауру туғызатын құрттардың түріне қарай бөлінеді. Олардың тек адамда (аскаридоз, энтеробиоз, т.б.) немесе адам мен малда қатар кездесетін гельминтозооноз (фасциоз, трихинеллез, эхинококкоз) түрлері белгілі. Оларға қарсы арнайы дәрілер, яғни антгельминттер қолданылады.

Жалпы контагиозды гельминтоздар деген не? Ауданның бас санитары журналистердің бұл сауалын да жауапсыз қалдырмады. Гименолепидоз ауруының қоздырғышы карлик цепені, ал энтеробиоз ауруының қоздырғышы острица

құрты болып табылады. Контагиозды гельминтоздар жеке бас тазалығын сақтамаған жағдайда, жақсылап жуып тазартылмаған көкөністер, науқас ұстаған сүлгі, есік тұтқасы, ойыншықтар арқылы жұғады.

—Науқасты көбінесе тамақ ішкеннен кейін кіндігінің оң жақ бөлігінің төменгі жақтың ауыруы, асқа төбетінің төмендеуі мазалайды. Басы айналып, құсқысы келеді, ештеңе жақтырмай, ұйқысы бұзылады, ал нәжісі біресе сұйық, біресе қатты болады және көкөнісін айналасында қышу мазалайды. Гельминтоздар – әртүрлі гельминттер түрлерінен туындайтын инвазиялық аурулар. Паразиттік аурулармен ауыргандарды және олардың қоздырғыштарын тасымалдаушыларды анықтауды, медициналық көмекке жүгінгенде, алдын ала және мерзімдік медициналық қараулар

кезінде меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдар жүзеге асырады. Барлық паразиттік аурулар мен паразиттік тасымалдау жағдайы олардың анықталған жері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында тіркелуге, мемлекеттік есепке алуға жатады және Қазақстан республикасы санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің мемлекеттік органдары мен ұйымдары олардың есебін жүргізеді, — деді Гүлзираш Айымбетова.

Энтеробиоз ауруы мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларда жиі кездеседі. Сондықтан мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалар ұжымдарында балаларды контагиозды гельминтоздар мен ішек протооздарына алдын ала тексеру жылына бір рет жоспар бойынша жүргізілуі тиіс.

Медициналық ұйымдар тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық-

эпидемиологиялық органдардың басқармаларына анықталған науқастар мен паразиттік аурулар қоздырғыштарын тасымалдаушылардың нәтижелері жөнінде ақпарат береді. Энтеробиоз ауруы тіркелгені жөнінде ақпарат түссе, жауапты бөлімше тарапынан тиісті санитарлық-эпидемиологиялық шаралар жүргізіледі. Тиісті аймақтың дәрігерлік қызметкерлеріне ауруды бақылауға алуға, диспансеризация жүргізуге, емдеуге санитарлық ұйғарымдар беріледі. Энтеробиозға бір рет тексерілгенде 15 пайызға және одан астам инвазияланғандар анықталған балалар ұйымдарында барлық бала сауықтырылады.

Емдеу кезінде балалар мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарына барудан, қоғамдық тамақтану, сауықтыру объектілерінде, мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарына,

жүзу бассейндерінде жұмыс істейтін адамдарды жұмыстан босатады. Диспансерлік бақылаудың мерзімі энтеробиоз кезінде де гельментизациядан 10-14 күннен кейін, 1-3 күн аралығында перинальды қырынды алумен 2 рет зерттеледі.

Мектеп оқушылары және мектепке дейінгі балалар арасында энтеробиоздың үлесі – 41,8 пайыз, аскаридоздың үлесі – 7,1 пайыз. Балаларда гельминтоз ауруы әртүрлі ерекше клиникалық белгілермен, яғни әлсіздік, шаршау, ашушандық, ұйқы бұзылу, өсу мен салмақ қосудың бәсеңдеуі, иммундық статустың төмендеуімен сипатталады. Гельминтоз ауруларының ең басты құраушысы аллергия, дерматит, бронхит пен блефаритке өкеліп соғатын немасу өнімінің сенсификациясы болып табылады.

Ауданның бас санитары гельминтоз ауруын жұқтырудың басты себебін гигиена ережелерін сақтамаумен байланыстырады. Яғни жуылмаған қол, жуылмаған көкөніс пен жеміс-жидектерді тамаққа пайдалану, қайнамаған су ішіп, табиғи су аймақтарында шомылғанда су жұту ауруға басты себеп болады.

— Тікелей адамнан адамға берілетін острица мен ергежейлі цепенінің жұмыртқалары. Қалған гельминтоз жұмыртқалары адам организміне түскенше міндетті түрде қоршаған ортаға, су немесе топыраққа түсуі қажет. 1,5-3 жастағылардың жұқтыру ауқымы өте жоғары келеді. Кейде 80 пайызға дейін жетеді. Гельминтоз ауруының алдын алуға келсек, тамаққа ішер алдында қолды, тамаққа пайдаланатын көкөністерді, жеміс-жидектерді тиянақты жуу, тамақ және ауруханада емделуге жатады: яғни зақымданған топырақ, көкөністер мен жеміс-жидек арқылы, және адам нәжісі қосылған топырақта өсірілген өнімдер арқылы бұл дерт жұғуы мүмкін. Адам бұл ауруға жеке бас гигиенасын

дұрыс сақтамағаннан шалдығады.

— Аскарида жұмыртқаларының сыртында жұмыр қабықша қапталған, ол сыртқы орта жағдайларына өте төзімді. Топыраққа түскен аскарида жұмыртқалары жаздан келесі көктемге дейін жетіліп, жеміс-жидектер мен көкөністерді зақымдауы мүмкін, содан адам жұқтырады. Топырақта жұмыртқалар 2 жылдан 5 жыл аралығына дейін сақталуы мүмкін. Аскарида жұмыртқаларының көзін жоюға 100 С температура мен тікелей күн көзі ғана әсер етеді. Құлпынай, жасыл пияз, редиска, жасыл көкөніс, жемістер, қияр, қызанақ, сабіз аскарида жұмыртқасымен зақымдалған сумен суарғанда, нәжістермен өндіргенде зақымданады. Нәжістерді өндіріп ретінде залалсыздандырудан өткізбей қолдануға болмайды, — дейді Гүлзираш Айымбетова.

Спикер контагиозды гельминтоздардың алдын алу шараларын барлық адамдар, яғни ересектер мен балалар да білуі қажет дейді. Біріншіден, көкөністерді жақсылап жуып-тазалап қолдану қажет. Сондай-ақ жеке бас тазалығын сақтау керек. Дәретханадан шыққаннан кейін, ладала ойнап келген соң қолды сабындап жуу қажет. Қолданған ойыншықтарды сабынды-содалы сумен жуу міндетті. Ал балалар ойынайтын алаңның құмын қайта-қайта аударып, 10 күн сайын ыстық сумен залалсыздандырып тұру керек.

Егер контагиозды гельминтоздармен ауыра қалған жағдайда дер кезінде дәрігерге көрініп, арнайы ем қабылдау қажет. Жұқпалы аурулармен ауыргандар, «жұқпалы аурулармен ауырады» деп күдік туғызатындар және бактерия таратушылар оқшауландырылуға және ауруханада емделуге жатады, жұқпалы аурулармен қарым-қатынаста болған адам медициналық қадағалауға алынады, қажет болған жағдайда оқшауландырылады жән емделеді.

Жалпы спикердің сөзінен түйгеніміз, бұл дерттің алдын алуда тазалық басты назарда болуы керек. Сондай-ақ ауданның бас санитары айтқан аурудың басты белгілері байқалған жағдайда міндетті түрде дәрігерге қаралған дұрыс. Бұл кеселді уақытында аузы-дықтауда маңызды рөл атқарады.

Көңжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сұхбат

Ауданда соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алды. Нәтиже де жоқ емес, қазіргі таңда Жалағашта жол сапасы жақсарып, тұрғындардың бұған қатысты талап-тілегі ескерілуде. Биылдың өзінде ауылдық елді мекендерде жол жөндеу жұмыстары басталып кетті. Олардың қатарында Бұқарбай батыр, Ақсу, Мөрәлі Шәменов және басқа да ауылдар бар. Жалпы биыл ауданда қанша көше жөндеуден өтеді? Жол сапасын жақсартуға қатысты басқа да дайын жобалар бар ма? Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ерболұлы осы және басқа да бірқатар сауалымыздың түйінін тарқатты.



Биыл 38 көше жөндеуден өтеді

– Ғабит Ерболұлы, жалпы биыл ауданда жол сапасын жақсартуға қанша қаражат қаралды? Қазіргі таңда оған қандай жобалар жүзеге асуда?

– Биыл ауданның жол саласын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 1 млрд 731,3 млн теңге бөлінді. Бөлінген қаржы шегінде ұзындығы 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар «Ақсу-Беркімбай көпірі» автомобиль жолы, Жалағаш кенті және 6 елді мекенде 21 шақырымды құрайтын 38 көше жөндеуден өтеді. Биыл «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК-ның Қызылорда облысы бойынша филиалы тарапынан аудандық маңызы бар автомобиль жолдары мен ішкі көшелердің құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау үшін аудандық бюджеттен 10 млн теңге қаралып, келісім-шарт жасалды.

Ұзындығы 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай көпірі» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 168,2 млн теңге қаралды. Мердігер мекеме – «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «BSP CONSULTING» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «Игілік Стройпроект» ЖШС. Қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Аталған автомобиль жолына толық асфальт төсеу жұмыстары аяқталды, енді жол жиегіне тас төсеу, жол белгілерін орнату жұмыстары жүргізіледі.

– Жаңа сіз айтып өткен құрылыс жұмыстарының ішінде өтпелі жобалар бар ма?

– Жоба құны 403,1 млн теңгені құрайтын Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылыс жұмыстарына былтыр республикалық бюджеттен 50 млн теңге қаралып, қаржы шегінде 2 көшеге асфальт төселген болатын. Биыл жобаны аяқтау мақсатында республикалық бюджеттен 294,3 млн теңге қаралып, көшелерге қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған құрылыс жұмыстарын биыл тамыз айында аяқтау жоспарлануда. Мердігер мекеме – «Қыран» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «SD ПРОЕКТ Консалтинг». Авторлық қадағалаушы – ШС «Мекен и К» ТС.

– Жалпы сіз айтып өткен жылдың өнішіндегі 38 көшенің қаншасы кентке тиесілі?

– Жоба құны 715,2 млн теңгені құрайтын Жалағаш кентінің 11 көшесін күрделі жөндеу жұмыстары биылғы жылдың өнішінде. 11 көшенің жалпы ұзындығы 9,3 шақырымды құрайды. Құрылыс жұмыстарына облыстық бюджеттен 678,7 млн теңге қаралып, Қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мердігер мекеме

– «Қызылорда жолдары» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «SD Проект Консалтинг». Авторлық қадағалаушы – «Димаш Сервис» ЖШС.

Мөрәлі Шәменов ауылындағы Жамбыл Ердүзелова көшелерінің автомобиль жолдарын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 69 млн теңге қаралды. Бүгінгі таңда көшелерге асфальт төсеу жұмыстары аяқталып, жол белгілерін орнату және жолақтарын сызу жұмыстары жүргізілетін болады. Мердігер мекеме – «Зәулім Шың» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «BSP CONSULTING» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «ПРОИНСЕТ» ЖШС.

– Жалпы елді мекендерге барған сайын жергілікті жұрт осы жол мәселесін көтеретін ауылдардың қатарында Қаракеткен, Далдабай, Жаңадария бар. Бұл елді мекендерде жол сапасын жақсартуға негізделген қандай жобалар бар?

– Жоба құны 518,3 млн теңгені құрайтын Қаракеткен және Далдабай ауылдарындағы автомобиль жолдарын күрделі жөндеу үшін биыл 165,3 млн теңге қаралды. Жоба 2026 жылға өтпелі. Қазіргі таңда бөлінген қаржы шегінде Далдабай елді мекеніндегі 7 көшеге құм аралас тас төсеу жұмыстары жүргізілуде. Мердігер мекеме – «Нұрлы Тау ЛТД» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «СК Капитал» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «ПРОИНСЕТ» ЖШС. Жалпы екі жылда Қаракеткен мен Далдабайда 16 көшенің сапасына мән беріледі.

Шалғайдағы Жаңадарияға келсек, ауылдағы Қ.Сәтбаев, Жаңадария, Достық, Мектеп көшелеріне асфальт төселіп, жол жиегіне құм аралас тас төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба 2026 жылға өтпелі, мердігер мекеме – «Жаңақорған Жібек жолы» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «Строительный контроль» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «Ремпроект» ЖШС.

Соңғы жылдары Жалағаштың шалғай ауылдарында жол құрылысы қарқын алуда. Мәселен, Жоба құны 486,5 млн теңгені құрайтын Аққыр елді мекеніндегі Ы.Ақырзаев, Ш.Есов, М.Ахметов, Аққыр, Н.Төспенов көшелерін күрделі жөндеу жұмыстарын бастау мақсатында облыстық бюджеттен 180,5 млн теңге қаралып, бүгінде бөлінген қаржы шегінде Аққыр, Таспеннов көшелеріне асфальт төселіп, жол жиегіне құм аралас тас төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жоба 2026 жылға өтпелі. Мердігер мекеме – «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС. Техникалық қадағалаушы – «СК Капитал» ЖШС. Авторлық қадағалаушы – «ТМ Проект Строй» ЖШС.

Еңбек ауылындағы 3 көшеге, яғни Т.Дәуітбаев, Абай, М.Байділдаев көшелерін орташа жөндеу жұмыстарына биыл 63,8 млн теңге бөлінді. Бүгінгі таңда жобалау-сметалық

құжаттарға түзетулер енгізілуде. Жобалау-сметалық құжаттарға түзетулер енгізілгеннен кейін орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мердігер мекеме – «Орда Автодор» ЖШС.

– Қазіргі таңда ауданда жол сапасын жақсартуға негізделген басқа да дайын жобалар бар ма?

– Бүгінде Жалағаш ауданының жол саласы бойынша барлығы 3 млрд 394 млн теңгені құрайтын 13 жобаға облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданды. Тарқатып айтсақ, М.Шәменов ауылына қиреберісінен сол және оң жақ көшелерінің құрылыс жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, «Қыран» ЖШС жеңімпаз болып танылды. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 86,5 млн теңге. Сондай-ақ дәл осы ауылдағы Тәшімбетов көшесінің құрылыс жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды. «Алтын Өрлеу» ЖШС жеңімпаз болып танылды. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 167,1 млн теңге.

Кент іргесіндегі Ақсу ауылындағы 3 көшенің құрылыс жұмыстарына мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС жеңімпаз болып танылды. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 294,9 млн теңге. Дәл осы ауылдағы тағы 3 көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын қаржыландыру үшін облыстық басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылған. Жоба құны – 106,9 млн теңге.

Аққум елді мекенінің айналма жолын реконструкциялау жұмыстарына да мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, «Орда Автодор» ЖШС жеңімпаз болып танылды. Жобаны қаржыландыру үшін облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 196,5 млн теңге.

Мұнан бөлек Мырзабай ахун ауылындағы К.Оспанов және Жаңақоныс көшелерін күрделі жөндеу жобасын қаржыландыру үшін тиісті басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 591,9 млн теңге. Қасындағы Мәдениет ауылының Жаңақоныс көшесін күрделі жөндеу жобасының құны 199,8 млн теңгені құрайды. Жаңаталап ауылының 2 көшесін күрделі жөндеу жұмыстарын қаржыландыру үшін де басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылған. Жоба

құны – 128 млн теңге.

Есет батыр ауылының 4 көшесін күрделі жөндеу жұмыстарын қаржыландыру үшін облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 248,2 млн теңге. Сондай-ақ Темірбек Жүргенов ауылының 8 көшесін күрделі жөндеуге қаржыландыру үшін облыстық басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 677,9 млн теңге. «Жаңақоныс-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау жұмыстарын қаржыландыру үшін де облыстық басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 287,6 млн теңге.

«Самара-Шымкент-Мәдениет-Т. Жүргенов-Жаңаталап-Аққыр» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Қорқытбай» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін қайта жаңарту» жобасын қаржыландыруға да бюджеттік өтінім тапсырылды. Жоба құны – 77 млн теңге. Сондай-ақ «Самара-Шымкент-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы Бозарық каналының көпірін қайта жаңғырту» жобасының құны 350,6 млн теңгені құрайды.

– Жалпы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, жолдарды ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау бойынша қандай жұмыстар атқарылады?

– Биыл аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жұмыстарына 13,6 млн теңге бөлінді. Қаңтар және ақпан айларында аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын қысқы күтіп ұстау жұмыстарына «Нұрдаулет Сервис» ЖШС-мен келісім-шарт жасалып, 150 тонна құм және 20 тонна тұз қоспасы дайындалды. Инертті материалдарды себу үшін 2 жүк көлігі және 1 трактор жұмыс жасап, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол көлік оқиғаларының алдын алу үшін инертті материалдар себу және күтіп ұстау жұмыстары жүргізілді.

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстарын «Trast Group» ЖШС жүргізуде. Қазіргі таңда «Самара-Шымкент-Мәдениет-Мақпалкөл-Жаңаталап-Аққыр», «Мәдениет-Мырзабай ахун» аудандық маңызы бар автомобиль жолының бойындағы ескірген 42 жол белгісін ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына жолақтар сызу жұмыстары жүргізілді. Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Құқық

96 келі есірткі заты тәркіленген

Нашақорлық – әлемді аладатып отырған өзекті мәселенің бірі. Есті алатын есірткі заттарына тәуелділік талай жанның тағдырын талқан еткенін тәжірибеден көріп-біліп жүрміз. Өкініштісі, нашаға әуестенген бір адамның зауалы бүкіл отбасына, жақындарына теріс әсер етеді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында нашақорлыққа қарсы күресті күшейтуді тапсырған болатын. – Тағы бір маңызды міндет – есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күрес. Бұл – ұлттық генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз. Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ нақты нәтижеге қол жеткізді деуге әлі ерте. Әрбір мемлекеттік құрылым, әсіресе құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Есірткі мәселесі ушығып барады. Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға кедегі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Вейпке, яғни электронды темекіге тыйым салынды. Қабылданған шаралардың нәтижесі қазірдің өзінде көрініп жатыр. Әлеуметтік кеселдің бәрімен тұтас жұрт болып жұмыла күресу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

1 маусым күні республика көлемінде «Қарасора-2025» жедел-профилактикалық іс-шарасы басталды. Іс-шара аясында өңірде есірткі өсірудің 21 дерегі анықталды. Бүгінде облыс аумағында есірткі тасымалдау арналарын анықтау мақсатында 6 арнайы бекет құрылған.

Бұл нысандарға жергілікті полиция, кинология қызметі, арнайы жасақтар жұмылдырылған. Сондай-ақ барлық аудандық полиция бөлімінде мобильді-іздестіру және жедел-тергеу топтары жасақталған. Ал «Қарасора» операциясы 31 қазанға дейін жалғасады. Бұл туралы Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Тоқтыбаев мәлімдеді.

Іс-шара көзінде барлығы 38 есірткі құдық бұзушылығы анықталса, оның ішінде 21 дерегі есірткі өсіру, 4 дерегі есірткі өткізу, 1 дерегі жарнамалау және 12 дерегі есірткіге байланысты қылмыстық теріс қылықтар болып табылады. Заңсыз айналымынан 96 келі 839 грамм есірткі, оның ішінде 1 келі 310 грамм марихуана, 86 келі 106 грамм сора өсімдігі, 8 келі 618 грамм көкнәр өсімдігі, 805 грамм синтетикалық есірткі заты тәркіленген. Есірткі өсірумен айналысқан 19 адам ұсталып, оның 5-еуі қамауға алынған. Мобильді бекеттерде қызметтік іздестіру итерерінің көмегімен есірткіге қатысты теріс қылықтардың 5 дерегі анықталған.

Есірткі заттарын әуелі қызығушылық үшін қолданы-тындар көп. Бұған ғаламтордағы ақпараттың ашықтығы, топтық психология, еліктеушіліктің ықпалы орасан. Біл-местікпен әрі «дәмін көрейін» деген әуестікпен жаңа дү-ниені тұтынғандардың тәуелділікке бірте-бірте таңылуы оп-онай. Алайда олар бұл қызығушылықтың салдарын ойлай бермейді. Шындығында есірткінің үнемі, тұрақты түрде қолдану көп қаржыны қажет етеді. Қолында кара-жаты жоқтардың алдымен өз отбасындағы жарамды, құнды заттарды саудалап, кейін қылмысқа баруы жиі кездеседі. Яғни бір қылмыс екінші қылмысты тудырады.

Қылмыстық кодексте есірткі заттарын қолданып, сатып, тасымалдаушыларға жаза ауыр. Бірақ солай екен деп есірткіден бас тартып жатқандар көп дей алмаймыз. Есірткі заттарын тасымалдап, жеткізіп берген жастар «Ешкімге зиянымыз жоқ, нашақорлар бәрібір өзіне керекін тауып алады, еңдеше неге жазалануымыз керек?» деп қате ойлайды. Жалпы заңды білмеу жазадан құтқармайды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Әлтай Пірманов

Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, партия және білім саласының ардагері Пірманов Әлтаидың дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Пірманов Әлтай 1941 жылы 6 қарашада Ақарық ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1958 жылы Ақарық колхозында және Қызылорда қаласындағы құрылыс мекемелерінде жұмысшы болып бастаған. 1961-1967 жылдары Қызылорда мемлекеттік Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының Жаратылыстану факультетінде білім алған. Еңбек жолын ұстаздық қызметтен бастаған Әлтай Пірманов 1967-1981 жылдары Жаңаталап совхозындағы №117 орта мектепте мұғалім, директордың орынбасары қызметін атқарды.

1972 жылы Жалағаш аудандық жас натуралистер станциясының директоры, 1973-1974 жылдары аудандық оқу бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі, мектептер жөніндегі аға инспектор, 1974-1981 жылдары Жаңадария совхозындағы №203 орта мектептің директоры болды. 1981-1982 жылдары Жалағаш аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде нұсқаушы, 1982-1986 жылдары аудан орталығындағы №123 мектеп директоры, 1986-1997 жылдары Ақарықтағы №124 орта мектептің директоры, 1994-1997 жылдары Аламесек ауылдық округінің өкімі қызметін атқарды. 1998 жылдан бастап «Рахымбек» шаруа қожалығын басқарып, зейнет жасына шықса да халыққа қызмет етуді тоқтатпады.

Әлтай Пірмановтің білім және қоғамдағы елеулі еңбегі жоғары бағаланып, 1980 жылы «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты» төсбелгісімен, Қазақ КСР Оқу министрлігі мен облыстың білім бөлімінің «Құрмет» грамотасымен, 2013 жылы Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі үшін «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атағымен, Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін «Қызылорда облысына – 70 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Марқұмның иманы саламат, жатқан жері жарық болсын.

А.Ибраимов, Ө.Елеусінов, С.Әлиев, Ә.Байнахатов, Ғ.Сүлейменов, Ж.Дүйсекеев, Д.Төжібаев

2025 жылы III тоқсанда Еңбек ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Балханов Бахытберген Мархабасович	Еңбек ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін	Еңбек ауылы Төлеген Дауитбаев көшесі №4	33-1-22

Алтын ұя

«Балдырған» – бақыт мекені



Түс ауа тілшілер тобы Бұқарбай батыр ауылына табан тіреді. Мұндағы мақсат – балалық шақтың бақытты мекеніне айналған балабақша жұмысымен танысу. Бүгінде аталған елді мекенде №13 «Балдырған» бөбекжай-бақшасы жұмыс жасайды.

Балабақша меңгерушісі Айсұлу Акбарованың айтуынша, бұл ғимараттың іргетасы 1975 жылы қаланған. Алайда 1996 жылы балабақша жабылып, ғимарат басқа мақсатта қолданылған. Кейін, яғни 2007 жылдан бастап балабақша қайтадан өз жұмысын жалғастырды. Содан 2020 жылға дейін балабақша ауылдық округ әкімдігіне қарасты мекеме болған. Ал 2021 жылдан бері Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөліміне қарайды.

Айта кетейік, балабақшада бүгінде 6 топта 120 бала бар. 2 жасар балаларға арналған «Бөбек», «Ботақан» кіші тобы, 3 жастағы балалар үшін «Балбөбек», «Балақай» ортаңғы тобы бар. Сондай-ақ 4 жастағы бүлдіршіндер үшін «Балапан» ересек тобы және 5 жастағы балаларға арналған «Айгөлек» мектепалды тобы жұмыс істейді. Мектепалды «Айгөлек» тобы бытырдан бастап ашылған және осы топтың алғашқы 15 түлегі мектеп табалдырығын аттады.

Мұндағы тәрбиешілер балаларға үздіксіз тәрбие мен сапалы білім беруде жаңартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолданып, «Балабақшадағы театр» жобасы бойынша жұмыс жасап, олардың бойынша қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сіңіріп, барлық жағдай жасауда. Жоғарыда айтып өткенімдей, ғимараттың жартығасырлық тарихы бар. Десе де мұндағы тәрбиешілерге нысанның ескілігі кедергі келтірмейді. Олар жыл сайын ғимаратты жаңалап, балалардың қызығушылығына қарай қажетті құрал-жабдықпен толтыруда.

Мәселен, мұнда әр топқа арнайы лэд экран, компьютер мен интернет желісі тартылған. Мұнан бөлек арнайы акт зал мен логопед кабинеті де бар. Мұндағы маман сөйлеу тілінің қалыптасуының тежелісі бар 5 баламен жұмыс жасайды. Айсұлу Хайруллақызының айтуынша, мұнда 19 педагог жұмыс істейді. Тәрбиешілер жылдан-жылға өз білімдерін шыңдап, біліктіліктерін арттыруда.

Мәселен, олардың барлығы жоғары білімді, оның 14-і – педагог-модератор, 1-еуі – педагог-сарапшы.

Балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстайтынын айтқан балабақша меңгерушісі бізді асхананың жай-күйімен таныстырды. Мұнда 3 аспазшы жұмыс істейді. Олардың балаларға арнап түрлі дәмді тамақ пісіріп жүргеніне 10 жылдан асқан. Барлығын өз баласындай жақсы көретін олар ас мәзіріне сәйкес әр күнде әртүрлі тағам дайындайтынын айтады.

– Балабаларға үш мезгіл ас беріледі. Біз олардың ас мәзіріне барынша ұқыптылықпен қараймыз. Тағамдарды қуырмай, асылған пайдалы дәруменге бай өнімдерді ұсынамыз. Оларға үйдегідей қолайлы жағдай жасау үшін барлығын өз қолымызбен дайындаймыз. Таң сәрімен ерте келіп, қолдан нан көміп, етті де қолдан өзіміз тартып береміз. Біз үшін балалардың қауіпсіздігі, сапалы өнімдерді тұтынуы маңызды – дейді аспазшы Нұржамал Ізтілеуова.



Айта кетейік, мұнда шағын бау-бақша бар. Қызметкерлер онда қызанақ, қияр, асқабақ сынды көкөністерді егіп, балалардың жергілікті таза өнімді тұтынуына да қолайлы жағдай жасаған.

Өздеріңіз білетіндей, Бұқарбай батыр ауылы – көпұлтты елді мекен. Мұнда қазақ балаларымен қатар шешен ұлтының балалары да ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп, қазақ балаларымен қатар тәлім-тәрбие алуда.

Балабақша – білім мен ортаға бейімделудің тірегі. «Балдырғанның» бүгінде жеткен жетістіктері көп. Бұл ұжым биылғы оқу жылында 1 республикалық, 1 облыстық, 9 аудандық байқаудан жүлделі орын иеленген. Мәселен, балабақша тәрбиеленушісі Нұрай Тағатқызы анасымен бірге республикалық «Менің қауіпсіз әлемім» байқауына қатысып, достарына бейнеролик арқылы жолда жүргенде, үйде жалғыз қалғанда қандай қауіпсіздік ережелерін есте ұстау керектігін көрсетіп, I орын алған. Тәрбиешісі – 20 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман Айгүл Сүлейменқызы. Балабақша педагог-психологы Дина Берікболқызы облыстық «Үздік

консультациялық пункт» байқауына қатысып, қырқыеке айында өтетін республикалық кезеңге жолдама алған. Мұнан бөлек аудандық «Ша-

Ауыл балабақшасында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Айсұлу Хайруллақызының айтуынша, жақында ғана мұнда аудандық білім бөлімінің қолдауымен арнайы 32 IT камера орнатылған. Бұл камералардың барлығы қазіргі таңда толық жұмыс жасап аудандық полиция бөліміне тікелей қосылған. Мұнан бөлек бұған дейін орнатылған 28 камера да өз жұмысын толық жалғастыруда.

Иә, балабақша құрылтайшысы балалардың жан-жақты, білімді тұлға болып қалыптасып, қауіпсіз ортада өсуіне барлық жағдай жасауда. Балабақша ұжымы тәуелсіз еліміздің бақытты балдырғандарына білім мен тәрбие беру жолында қажырлы еңбек етіп, әлі де биік белестерді бағындыра бермек.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Бәрекедді!

Білікті педагог



Конференция қорытындысында халықаралық KGL Contest олимпиадасының жеңімпаздары мен республикалық «Edustream juldzary» байқауының жүлдегерлерін марапатталды. Ауданымыздан аталған республикалық «Edustream juldzary» байқауына Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогика ғылымдарының магистрі Гүлдана Каипова мен оқушысы Камила Ахмет қатысып, бас жүлдені жеңіп, 100 мың теңге қаржылы сертификат иеленді.

Байқау Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті» атты мұғалімдердің республикалық съезінде сөйлеген сөзінің басты ережелеріне негізделген. Республикалық байқаудың мақсаты – 5-11 сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуетін дамыту. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін дамытып, конкурста қатысушыларға мектеп пен аймақтан тыс ақымда бәсекелесуге тең мүмкіндіктер беру.

Байқау ІІІ кезең бойынша өткен. Алғашқы кезең – жарысқа қатысуға өтінім беру және тіркелу. Ал екінші кезең – online speaking competition деп аталады. Оқушылар «Excel 5-9/ASPECT10-11/Action10-11 for Kazakhstan» оқулығынан кез келген тақырыпта қазылар алқасының мүшелерімен сұрақтарға жауап беру арқылы диалогқа қатысу қабілеттерін көрсетеді. Бұл кезеңде ең көп ұпай жинаған оқушылар ғана келесі кезеңге жолдама алады. Ал үшінші кезеңде «Excel 5-9/ASPECT10-11/Action10-11 for Kazakhstan» оқулықтарының кез келген модулі негізінде Reference Grammar ұсынған грамматикалық тақырыпқа байланысты мұғалім және оқушы

дағдыларын көрсететін 7 минуттық бейнеролик ұсынады.

Айта кетейік, бұл байқау жыл сайын дәстүрлі түрде қашықтан өткізіледі. Байқауға бытыр Гүлдана Каипова ұстаздар арасында қатысып ІІІ орын иеленген. Ал оқушысы Камиламен бұл жарысқа 2024 жылдың желтоқсан айында қатысуға өтініш білдірген. Олар биыл ақпан айында жарыстың екінші кезеңінен сүріңбей өтіп, наурыз айының 15-іне дейін бейнероликті әділқазы алқаларына ұсынаған.

– Үшінші кезеңде оқушымен Камиламен қазақтың ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрін ағылшынша айтып көрсеттік. Атап айтсам, 7 түрлі дәннен жасалатын қазақтың ұлттық тағамы наурыз көже мен бауырсақ туралы және енді ғана алғашқы қадамын басып жүрген балаларға арнап жасалатын тәусәуескер салт-дәстүрі туралы толығырақ таныстырдық. Бұл жарысқа идея табуыма ұзақ уақыт кетті, ерекше әрі өтімді, нәтижелі дүниенің болғанын қаладым және сол мақсатыма жеттім деп айта аламын. Бұл әдіс арқылы оқушылар тек шет тілін үйреніп қана қоймай, ұлттық болмысын ұмытпай, оны өзгелерге жеткізуге үйренеді. Шыны керек, бас жүлде алғанымызды сол марапат көшінде ғана біліп, қуаныштың көз жасына ерік беріп, еңбегіміздің жемісін көрдік, – дейді Гүлдана Сайлыбекқызы.

Айта кетейік, білікті ұстаздың басқа да білімді шәкірттері көп. Мәселен, Наргиз Нұрбек 2023 жылы АҚШ Мемлекеттік департаменті толығымен қаржыландыратын 3 кезеңнен тұратын Future Leaders Exchange (FLEX) бағдарламасының жеңімпазы атанған. 2023 жылдың тамызынан 2024 жылдың маусым айына дейін америкалық отбасында тұрып,

сондағы мектепте 1 жыл тегін білім алуға қол жеткізген. Республика бойынша 100 оқушы, облыс бойынша 7 оқушының ішінде аудан тарихында бірінші рет жеңімпаз атанған Наргиз – Гүлдана Каипованың шәкірті. Ол АҚШ-тың Джорджия штатында Thomas County Central High School мектебінде білім алып, 11 сыныпты жақсы нәтижемен аяқтаған.

Наргиз Thomas County Central High School Marching Band & Blue Band оркестрінің мүшесі болып, флейтада ойнап, бірнеше мәрте өнер көрсеткен. Ол америкалық отбасымен Джорджия штатында Томасвилл қаласына орналасқан. Америкалық әкесі кезінде әскерде қызмет етсе, анасы дәрігер болып жұмыс жасайды. Сонымен қатар бос уақытында флейта аспабында ойнап, Наргизе осы аспапты сыяға тартқан. Америкадағы 1 жылдық оқуынан кейін Наргиз туған жеріне оралып, ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Нәтижесінде Қарағанды қаласына оқуға түскен. Алайда Наргиздің алға қойған мақсаты басқа. Ол қазіргі таңда Америкада магистратурада немесе бағдарлама арқылы білім алу үшін қосымша дайындық жүргізуде.

Оқушыларын біліммен қаруландырып, біліктілік, ізденіс пен талапшылдық, шәкіртке деген махаббат сынды қасиеттерді бойына жиган Гүлдана Сайлыбекқызы – Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің түлегі. Педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесін «Formation of intercultural communicative competence of learners in FLT» тақырыбында қорғап, Америка құрама штаттарында, Түркия мемлекетінде іс-тәжірибеден өткен.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2642 Тапсырыс №1130
--	--	--	--	---

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН